

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар аудандық білім бөлімі»
ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы**

**Бағдарлама
«Таным» білім беру саласы
«Қызықты математика»
2021-2022 оқу жылы
Ересек топ 4-5 жас**

**Ембергенова Аида Темірболатқызы
ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы**

Шалқар қаласы 2021жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар аудандық білім бөлімі»
ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы**

**Бағдарлама
«Таным» білім беру саласы
«Қызықты математика»
2021-2022 оқу жылы
Ересек топ 4-5 жас**

**Ембергенова Аида Темірболатқызы
ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы**

Шалқар қаласы 2021жыл

Бағдарлама құрастырушы:

Балабақша «Нұр-Тілек» жауапкершілігі серіктестігінің

Тәрбиешілері: Ембергенова Айда Темірболатқызы, Қоқашева Гүлайым Қожа-

Ахмет Ястаұйқызы

Балабақша «Нұр-Тілек» жауапкершілігі серіктестігінің»

Педагогикалық кеңесі отырысында "Қызықты математика"

Бағдарламасы талқыланды

Хаттама №1 _____

«03» қыркүйек 2021 ж

Мекеме меңгерушісі:



Handwritten signature

у.м.а: Қ.Т.Исаева

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында
«Қызықты математика» бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № _____

«16» 09 2021 ж



Сараптау комиссиясының төрағасы

Handwritten signature

Ж.С.Құдайбергенов

Бұл «Қызықты математика» бағдарламасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленген

Түсіндірме жазба

Қазіргі заманға сай дидактикада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің кешенді тәсілінде дамытушы ойындары мен міндеттері маңызды рөл атқарады. Вариативті компонент аптасына 1 рет 25-30 минуттан өткізіледі, оқу жылында барлығы 36 сабақ.

Олар балаларға эмоционалды түрде қызықты. Кез келген мәселенің шешімін табу процесі ойдың белсенді жұмысынсыз мүмкін емес. Қызықты математикалық ойындар мен жаттығулар барысында балалар мәселені шешуге шығармашылықпен қарау, оның шешімін өз бетінше іздену, сонымен бірге өз бастамасын көрсету қабілеттерін игереді. Бұл ереже балалардың танымдық дамуындағы қызықты математика міндеттерінің маңыздылығын түсіндіреді.

Қызықты математика материалы -бұл балалардың математикаға, логика мен дәлелдемелерге деген қызығушылығын, мәселеге назар аудара отырып, ақыл-ой қабілеттерін көрсетуге деген ұмтылысын тәрбиелеудің жақсы құралы. Мектепке дейінгі жастағы әртүрлі стандартты емес мәселелерді шешу жалпы ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал етеді; ойлау логикасы, ойлау және әрекет ету, ойлау процесінің икемділігі, тапқырлық пен кеңістікті бағдарлай алу.

"Қызықты математика" вариативті компонентінің бағдарламасы – бұл педагогтың балалардың танымдық (атап айтқанда математикалық) дамуында қызықты математика материалдарының мүмкіндіктерін пайдалануға деген ұмтылысы.

Бағдарламаның мақсаты:

Зияткерлік қабілеттерін, танымдық белсенділігін, балалардың математикаға деген қызығушылығын және алған білімдерін шығармашылықпен қолдануға деген ынтасын дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

- арифметикалық және геометриялық дағдыларды пысықтау;
- психикалық процестердің, дерексіз-логикалық және көрнекі-бейнелі ойлау мен есте сақтау түрлерінің, негізгі ойлау, яғни (талдау және синтез, салыстыру, жалпылау, жіктеу), зейіннің негізгі қасиеттерінің еркіндігін, дәлелді сөйлеу мен сөйлеу-пайымдауын дамыту;
- ынтымақтастық яғни, құрдастарымен өзара ынтымақтасу, өз мүдделерін белгілі бір ережелерге бағындыру қажеттілігін тәрбиелеу.

Бағдарламаның бағыты

"Қызықты математика" вариативті компонентінің білім беру бағдарламасы танымдық бағытқа ие.

Оқу қызметінің өткізу түрі мен тәртібі

Оқу қызметінің тәртібі: Вариативті компонент аптасына 1 рет 25-30 минуттан өткізіледі, оқу жылында барлығы 36 сабақ.

Бағдарламаның көп бөлігі тәжірибелік (практикалық) сабақтардан тұрады.

Оқыту түрі: топтық.

Педагогикалық мақсаттылық

Бұл бағдарлама мектепке дейінгі жастағы, қоршаған ортасын жаңа танып келе жатқан, балаларды математика негіздерімен, қоршаған ортаны тануға арналған. Бағдарламада жоспарланған тақырыптар балаларды алған білімдерін функционалды және шығармашылықпен қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдеріне белсенді қатысу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға бағытталған.

Дидактикалық ойындарды қолдану және әзірлеу арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды математика негіздерімен, қоршаған ортамен танысу; жеке тұлға етіп жан-жақты тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже

«Қызықты математика» вариативті компоненттің соңына қарай балаларда дамуы керек:

- көру, сезу және есту арқылы қабылдау негізінде арифметикалық және геометриялық дағдылар;
- ақыл-ой процестерінің, дерексіз -логикалық және көрнекі-бейнелі ойлау мен есте сақтау түрлерінің, негізгі ойлау операцияларының, зейіннің негізгі қасиеттері, дәлелді сөйлеу және сөйлеу-пайымдау;
- логикалық ойлау негіздері, ойлау қабілеті, логика заңдарына сәйкес қорытынды жасау;
- шығармашылық қабілеттер, әлем туралы өз сезімдері мен түсініктерін әр түрлі жолмен білдіре білу;
- ынтымақтастық дағдылары, құрдастарымен өзара қарым-қатынас, өз мүдделерін белгілі бір ережелерге бағындыра білу;
- математикалық қызметпен айналысуға құлшыныс таныту.

Бағдарламаны іске асыру нысандары мен әдістері

№ п/ п	Тақырыптары	Бағдарламаның міндеттері	Бағдарлама ны іске асыру нысандары	Бағдарлам аны іске асыру әдістері
1.	Қайсысы биік, қайсысы аласа?	Суретте және өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасу бағытын ажырату мен атап көрсету. Қоршаған ортадан биік және аласа затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ- жауап, түсіндіру жасату
2.	Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке?	Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, заттың жалпақ, жіңішке екенін ажырата алуға тәрбиелеу. 5-ке дейін сандарды санау, кері санауды, заттарды салыстыруға үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Аралас, сұрақ- жауап, ойын түрінде
3.	Қайсысы үлкен? қайсысы кіші?	Заттарды санына қарай салыстыра алу қабілетін арттыру, үлкен затпен кіші затты бір – бірінен айыра білуге үйрету. Санаудың дұрыс тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санау; солдан оңға қарай санау.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ- жауап, түсіндіру жасату
4.	«Үздік логиктар»	Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырма
5.	«Пішіндер сыры»	Балалардың зиінін ойлау қабілеттерін сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырмал ар

6.	Кім жылдам?	Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым, түсініктерін қалыптастыру	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап түсіндіру
7.	«Әдемі кілемшелер»	бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақтар мен тапсырмалар
8.	«Таныс пішіндер доминосы»	геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап, ойын түсіндірме
9.	«Зейінді бол»	Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру
10.	«Мынау қай пішін?»	Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Аралас, сұрақ-жауап, ойын түрінде
11.	«Кім зейінді?»	Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
12.	«Қандай пішін шықты?»	Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырма
13.	«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»	Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырмалар
14.	«Қандай пішін жетіспейді?»	Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап түсіндіру

15.	«Жұбын тап»	Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.	Педагогпен бірлескен жұмыс.	Сұрақтар мен тапсырмалар
16.	«Доппен ойнау»	Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап, ойын түсіндірме
17.	«Сипаттамасы бойынша тап»	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
18.	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Аралас, сұрақ-жауап, ойын түрінде
19.	«Тез ойла»	заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету, шапшандыққа, тез ойлауға баулу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
20.	«Қол соғу»	Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырма
21.	«Керісінше айт»	Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырмалар
22.	«Апта күндері»	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап түсіндіру
23.	«Сиқырлы таяқшалар»	Балаларды (5-7) (7-9) таяқшаларды пайдалана отырып, геометриялық	Педагогпен бірлескен	Сұрақтар мен тапсырмал

		пішіндер құрастырып үйрету. Жалғастыра құрастырған ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету. Санау дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту.	жұмыс	ар
24.	«Жеті ағайындар»	Уақыт туралы түсініктерін дамытып, апта күндерін ретімен айта білуге үйрету. Таң, күн, кеш, түн деген уақыт мезгілдер туралы түсініктер қалыптастыру. Дидактикалық ойындар, тапсырмалар арқылы уақыт туралы білімдерін қалыптастыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап, ойын түсіндірме
25.	Біздің көшедегі үйлер қандай?	Заттарды пішіндері, көлемдері бойынша салыстыруға дағдыландыру. Биік-аласа ұғымын бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
26.	«Математикалық жұмбақ, Алыс жақын»	Математикалық жұмбақтарды шешуге үйрету, логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтеріне сүйене отырып шешуді үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Аралас, сұрақ-жауап, ойын түрінде
27.	«Топ ойыншықтары»	Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруді қалыптастыру. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
28.	«Неше саңырауқұлақ немесе көкөністер?»	«артық», «кем», түсініктерімен таныстыру, саны бойынша салыстыруға үйрету; Зейіндерін салыстыра алу дағдыларын дамыту. Бұрынғы алған білімдерін жетілдіру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырма

29.	«Бір-бірден», «Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ бірде біреуі жоқ»	Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап тапсырмалар
30.	«Оң жақта ,сол жақта,ортасында»	Өздерінің дене бөліктерін атауға және бағдарлауға үйрету.Топтағы заттарды бағдарлауға үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап түсіндіру
31.	«Тең және тең емес»	Заттардың кеңістікте орналасуын анықтауды, беттестіру және тұтастыру арқылы тең және тең емес заттарды салыстыруды жетілдіру	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақтар мен тапсырмалар
32.	«Үй құрылысының ретін көрсет»	түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ жауап, ойын түсіндірме
33.	«Танып ал да, атын ата»	заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
34.	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру,заттардың ұқсастығын ажырата білу,ойлау қабілеттерін арттыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Аралас, сұрақ-жауап, ойын түрінде
35.	«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру	Педагогпен бірлескен жұмыс	Сұрақ-жауап, түсіндіру жасату
36.	«Тез ойла,ойна!»	Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін	Педагогпен бірлескен	Сұрақ жауап

		арттыру, санамақтар арқылы сандарды айта білуге, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	жұмыс	тапсырма
--	--	---	-------	----------

«Қызықты математика» вариативтік бөлімі бойынша перспективтік жоспар

(аптасына 1 сағат – 36апта, 36 сағат)

№ р/с	Тақырыптары	Сағат саны
1	Қайсысы биік, қайсысы аласа?	1
2	Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке?	1
3	Қайсысы үлкен? қайсысы кіші?	1
4	«Үздік логиктар»	1
5	«Пішіндер сыры»	1
6	Кім жылдам?	1
7	«Әдемі кілемшелер»	1
8	«Таныс пішіндер доминосы»	1
9	«Зейінді бол»	1
10	«Мынау қай пішін?»	1
11	«Кім зейінді?»	1
12	«Қандай пішін шықты?»	1
13	«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»	1
14	«Қандай пішін жетіспейді?»	1
15	«Жұбын тап»	1
16	«Доппен ойнау»	1
17	«Сипаттамасы бойынша тап»	1
18	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	1
19	«Тез ойла»	1
20	«Қол соғу»	1
21	«Керісінше айт»	1
22	«Апта күндері»	1
23	«Сиқырлы таяқшалар»	1
24	«Жеті ағайындар»	1
25	Біздің көшедегі үйлер қандай?	1
26	«Математикалық жұмбақ, Алыс жақын»	1
27	«Топ ойыншықтары»	1
28	«Неше саңырауқұлақ немесе көкөністер?»	1
29	«Бір-бірден», «Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ бірде біреуі жоқ»	1
30	«Оң жақта, сол жақта, ортасында»	1
31	«Тең және тең емес»	1
32	«Үй құрылысының ретін көрсет»	1
33	«Танып ал да, атын ата»	1
34	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	1
35	«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	1
36	«Тез ойла, ойна!»	1
	Барлығы: 36 сағат	

Авторлық бағдарламаны әдістемелік және техникалық жарықтандыру

Тақырыбы	Білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдері мен әдістері	Дидактикалық материалдар	Техникалық жабдықталуы	Қорытынды
Қайсысы биік, қайсысы аласа?	Шаттық шеңбер, сұрақ-жауап, биік аласаны ажырату Сергіту сәті Балалармен дидактикалық ойын: Биік аласа	Үлестірмелі материалдар Биік аласа заттар	Слайд видеоролик	Биік аласа ұғымын меңгерту
Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке?	Шаттық шеңбер, жуан жіңішке заттарды салыстыру, сұрақ -жауап, сергіту сәті Балалармен ойын	Суреттер үлестірмелі материалдар	Слайд	Салыстыра білуге үйрету
Қайсысы үлкен? қайсысы кіші?	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен дидактикалық ойын: Үлкен кіші	Үлкен және кішкентай заттар, суреттер	Слайд	Көлемі бойынша әртүрлі заттарды салыстыру
«Үздік логиктар»	Шаттық шеңбері, логикалық сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойын, тыйым сөздерді қайталату	Суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Логикалық тапсырмаларды орындатуды меңгерту
«Пішіндер сыры»	Шаттық шеңбері, геоме	Геометриялық пішіндердің	Слайд	Пішіндердің мағынасын

	триялық пішіндер туралы сұрақтар, сергіту сәті, балалармен дид, ойындар: геометриялық пішіндер	макеттері, суреттер		түсіндіріп, оларды ажырата білу
Кім жылдам?	Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, 1-5ке дейін санау, сергіту сәті, балалармен ойындар	Суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Уақыт жайында қарапайым түсініктерін қалыптастыру
«Әдемі кілемшелер»	Шаттық шеңбері, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу, сергіту сәті, дамытушы ойындар	Кілемшенің, геометриялық пішіндердің суреттері	Слайд	Қиял болжамдарын дамытып, қабілеттерін шыңдау
«Таныс пішіндер доминосы»	Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, ойын, сұрақ - жауап	Пішіндердің суреттері	Слайд	Пішіндерді ажыратып, салыстыра білу
«Зейінді бол»	Шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, ойын, құрастыру, слайдпен жұмыс, мақал жаттату	Пішіндердің суреттері	Слайд	Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрастыра біледі
«Мынау қай пішін?»	Шаттық шеңбері Сұрақ-жауап, топтастыру, қайталау, сергіту сәті,	Пішіндердің суреттері	Слайд	Пішіні ұқсас заттарды топтай білуге, пішіндерден бейне құрастыра

	балалармен ойындар, жаңылтпащтар жаттату			білуге, түстерін айта білуге үйрету
«Кім зейінді?»	Шаттық шеңбері Сұрақ-жауап, түсіндіру, Сергіту сәті Балалармен ойындар	Пішіндердің суреттері, үлестірмелі материалдар	Слайд	Заттардың қандай пішіннен құралатынын меңгерту
«Қандай пішін шықты?»	Шаттық шеңбері, түсіндіру үйрету, сергіту сәті, балалармен дидактикалық ойындар	Пішіндердің суреттері, үлестірмелі материалдар	Слайд	Геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту
«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»	Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, түсіндіру, балалармен ойындар, жұмбақтар жасыру	Пішіндердің макеті, суреттері, үлестірмелі материалдар	слайд	Пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру
«Қандай пішін жетіспейді?»	Шаттық шеңбері, түсіндіру үйрету, сергіту сәті, балалармен ойындар, жұмбақтар шешкізу	Пішіндердің суреттері	Слайд	Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету, қай пішін жетіспейтінін тапқызу
«Жұбын тап»	Шаттық шеңбері Сұрақ-жауап, түсіндіру, Сергіту сәті Балалармен ойындар	Суреттер, доп, 1-10ға дейінгі сандар	Слайд	Геометриялық пішіндерді ажыратып, салыстыруды бекіту
«Доппен ойнау»	Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап,	Суреттер, доптар	Слайд	Жоғары-төменде», «астында-

	таныстыру, түсіндіру, сергіту сәті, балалармен ойындар,			үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту
«Сипаттамасы бойынша тап»	Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, түсіндіру, балалармен ойындар, мақал жаттату	Суреттер, үлестірмелі материалдар	слайд	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік- аласа, үлкен- кіші ұғымдарын бекіту
«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, таныстыру, түсіндіру, сергіту сәті, балалармен ойындар	суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.
«Тез ойла»	Шаттық шеңбер, сұрақ- жауап, биік аласаны ажырату Сергіту сәті Балалармен дидактикалық ойын: шапшаң ойла	Үлестірмелі материалдар	Слайд	заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету
«Қол соғу»	Шаттық шеңбер, жуан жіңішке заттарды салыстыру, сұрақ -жауап, сергіту сәті Балалармен дидактикалық ойын	суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, ұғымдарын қалыптастыру
«Керісінше айт»	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен	суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы

	дидактикалық ойын: Кім жылдам			сөздермен жауап бере білуге үйрету.
«Апта күндері»	Шаттық шеңбері, логикалық сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойын	суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.
«Сиқырлы таяқшалар»	Шаттық шеңбері, геометриялық пішіндер туралы сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойындар, тиым сөздер жаттату	суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Балаларды таяқшаларды пайдалана отырып, геометриялық пішіндер құрастырып үйрету.
«Жеті ағайындар»	Шаттық шеңбер, сұрақ-жауап, биік аласаны ажырату Сергіту сәті Балалармен ойын	Биік аласа заттар, үлестірмелі материалдар	Слайд	Уақыт туралы түсініктерін дамытып, апта күндерін ретімен айта білуге үйрету. Таң, күн, кеш, түн деген уақыт мезгілдер туралы түсініктер қалыптастыру.
Біздің көшедегі үйлер қандай?	Шаттық шеңбер, жуан жіңішке заттарды салыстыру, сұрақ -жауап, сергіту сәті Балалармен жұмбақ шешу	Үйдің суреттері, үлестірмелі материалдар	Слайд	Заттарды пішіндері, көлемдері бойынша салыстыруға дағдыландыру. Биік-аласа ұғымын бекіту.
«Математикалық жұмбақ,	Шаттық шеңбері,	Суреттер, дидактикалық	Слайд	Математикалық

Алыс жақын»	суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен ойын, дидактикалық ойын: Кім жылдам	материалдар		жұмбақтарды шешуге үйрету, логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтеріне сүйене отырып шешуді үйрету.
«Топ ойыншықтары»	Шаттық шеңбері, логикалық сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойын	Геометриялық пішіндер суреттері, топтағы ойыншықтар	Слайд	Тендікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруді қалыптастыру.
«Неше саңырауқұлақ немесе көкөністер?»	Шаттық шеңбері, көкөністер мен жемістер туралы сұрақтар, сергіту сәті, балалармен дидактикалық ойын: көкөністерді ажырат	Суреттер стикер, плакат	Слайд	«артық», «кем», түсініктерімен таныстыру, саны бойынша салыстыруға үйрету; Зейіндерін салыстыра алу дағдыларын дамыту.
«Бір-бірден», «Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ бірде біреуі жоқ»	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен	Ою – өрнектер, геометриялық пішіндер	Слайд	Бір-бірден, «бірде біреуі жоқ ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір

	ойын, мақалдар қайталатып, жаттаттыру			қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту
«Оң жақта ,сол жақта,ортасын да»	Шаттық шеңбері, логикалық сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойын	Суреттер, үлестірмелі материалдар	Слайд	Өздерінің дене бөліктерін атауға және бағдарлауға үйрету.Топтағы заттарды бағдарлауға үйрету.
«Тең және тең емес»	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен ойын, ертегілер тыңдату, жаңылтпаш жаттату	Суреттер, алыс жақын, үлестірмелі материалдар	Слайд	Заттардың кеңістікте орналасуын анықтауды, беттестіру және тұтастыру арқылы тең және тең емес заттарды салыстыруды жетілдіру
«Үй құрылысының ретін көрсет»	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен ойын	Суреттер ойыншықтар	Слайд	түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.
«Танып ал да, атын ата»	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен ойын	Суреттер, саңырауқұлақ тар мен көкөністер	Слайд	заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту;

				ойлау қабілетін дамыту.
«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Шаттық шеңбері, суретпен жұмыс, Сергіту сәті Балалармен ойын, дидакти калық ойын: Көңілді доптар	Ойыншықтар суреттер	Слайд	Балаларды сөзжұмбақтар ды шеше білуге дағдыландыру , заттардың ұқсастығын ажырата білу, ойлау қабілеттерін арттыру.
«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	Шаттық шеңбері, логикалық сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойын дидактикалық ойын Кім тапқыр?	Суреттер, ойыншықтар	Слайд	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. тапқырлығын арттыру
«Тез ойла, ойна!»	Шаттық шеңбері, логикалық сұрақтар, сергіту сәті, балалармен ойын	Ойыншық заттар, суреттер	Слайд	Ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру, санам ақтар арқылы сандарды айта білуге, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балалар журналы. «Балдырған», «Айгөлек»
2. Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар.
3. Амоношвили Ш.А. «Дидактикалық ойындар» .
4. Балқуатова «Ойын мен оқытуды сабақтастыра жүргізу». Бастауыш мектеп 5-2005ж. 7-8бет 13.
5. Бекжүрсінова Ғ. «Ойын - тиімді тәсіл». Бастауыш мектеп 2- 2000ж. 25бет.
6. Иманбекова Т. «Балалықтың қанына ойын азық» . Бастауыш мектеп 2-1999ж. 14бет.
7. Кішібаева Д. «Ұлттық ойындарды пайдалану». Бастауыш мектеп 2-2004ж.22бет.
8. Сағымбекова «Ойыннан оқуға». Бастауыш мектеп 3-2002ж. 33бет.
9. Төлтаева «Ұлттық ойындарды пайдалану» Бастауыш мектеп 9-2002ж.24бет.
10. Төлекова «Білім берудің басты құралы - ойын» Бастауыш мектеп 4-2000ж.60бет.
11. «Қызықты 120 есеп», А.Оразов, 2001 ж

Қосымша

- «Оқу жоспарының вариативтік бөліміне арналған бағдарламаға қойылатын жалпы талаптар-2021»
- Мектепке дейінгі ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – 2021 жыл
- Bilim kids
- Multiurok
- Ustaz tilegi
- Bilimdiler порталы
- Отбасы және балабақша
- «әлеумет» білім беру саласы бойынша ойындар жинағы